

## **«Қоршау конструкцияларының шудан қорғау және дыбыс оқшаулау жұмыстары» кәсіптік стандарты**

### 1. Жалпы ережелер

1. «Қоршау конструкцияларының шудан қорғау және дыбыс оқшаулау жұмыстары» кәсіптік стандарты білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, қызметкерлер мен білім беру мекемелерінің түлектерін сертификаттауға, персоналды басқару саласындағы кең ауқымды мәселелерді шешуге арналған.

2. Осы кәсіптік стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

біліктілік – қызметкердің нақты еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болу деңгейі;

біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер дайындығы мен құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

ұлттық біліктілік жүйесі (ҰБЖ) – еңбек нарығы тарапынан мамандар біліктілігіне деген сұраныс пен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы;

салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

сала - бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

кәсіби топ – ортақ интеграциялық негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаттар, объектілер, технологиялар, сондай-ақ еңбек құралдары) және оларды орындау үшін еңбек міндеттері мен құзыреттілігінің ұқсас жинағын болжайтын шағын топтар жиынтығы;

кәсіби шағын топтар – еңбек міндеттерінің тұтас жинағымен және оларды орындауға қажетті құзыреттіліктермен қалыптасқан, мамандықтар жиынтығы;

кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі;

кәсіп – білімі туралы тиісті құжатпен расталатын және арнайы дайындықтың нәтижесінде пайда болған арнайы білім, білік мен

практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін адам еңбегі қызметінің негізгі түрі;

еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

БТБА – Жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы.

## 2. Кәсіптік стандарт паспорты

3. Кәсіптік стандарттың атауы: Қоршау конструкцияларының шудан қорғау және дыбыс оқшаулау жұмыстары.

4. Кәсіптік стандартты әзірлеу мақсаты: Осы кәсіби шағын топтың кәсіптер тізбесін жасау және анықталған кәсіптер үшін кәсіп карточкаларын әзірлеу

5. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Қоршау конструкцияларының шудан қорғау және дыбыс оқшаулау жұмыстары кәсіпорындарды, ғимараттар мен имараттарды шу және дыбыс оқшаулау жұмыстарын қамтиды.

6. Негізгі топ: Мамандандырылған құрылыс жұмыстары (жұмыста).

Кәсіби топ: Құрылыс, монтаж және құрылыс-жөндеу жұмыстары (жұмыста).

## 3. Кәсіп карточкасы

7. Кәсіптер тізбесі:

дыбыс сіңіргіш сыналарды дайындаушы, СБШ бойынша 2 біліктілік деңгей;

шу және дыбыс оқшаулағышты монтаждаушы, СБШ бойынша 3 біліктілік деңгей.

Кәсіп карточкасы осы Кәсіптік стандарттың қосымшасында келтірілген.

«Қоршау конструкцияларының шудан қорғау және дыбыс оқшаулау жұмыстары»  
кәсіптік стандартына қосымша

<b>КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Дыбыс сіңіргіш сыналарды дайындаушы»</b>	
Кәсіп коды	8223
Кәсіп атауы	Дыбыс сіңіргіш сыналарды дайындаушы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	2
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	2
Кәсіби білім деңгейі	<b>СБШ-ның 2-деңгейі</b> Жалпы орта білім болғанда, бірақ негізгі ортадан төмен емес кәсіби дайындық (білім беру ұйымының базасында қысқамерзінді курстар немесе мекемедегі оқытулар).
Еңбек функциялары	1) Дыбыс сіңіргіш сыналарды дайындау жұмыстарын орындау.
Еңбек функциясы 1	<b>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (біліктілік разряды: 2)</b>
Дыбыс сіңіргіш сыналарды дайындау жұмыстарын орындау.	<b>Біліктері мен дағдылары:</b>
	1. Толтырма типтегі сыналы сіңіргіштерді дайындау. 2. Қатты минерал тақтайшалардан сыналар дайындау.
	<b>Білімі:</b> 1. Дыбыс сіңіргіш материалдардың қасиеттерін, сипаттамаларын және қолдану ерекшеліктерін.
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	Шу және дыбыс оқшаулағышты монтаждаушы
<b>КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Шу және дыбыс оқшаулағышты монтаждаушы»</b>	
Кәсіп коды	
Кәсіп атауы	Шу және дыбыс оқшаулағышты монтаждаушы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	
	<b>СБШ-ның 3-деңгейі</b>

Кәсіби білім деңгейі	Жалпы орта білім немесе жалпы орта білім негізінде техникалық және кәсіптік білімі болғанда кәсіби дайындық (білім беру мекемесі негізінде кәсіби дайындық бағдарламасы бойынша бір жылға дейінгі курстар немесе кәсіпорындағы оқыту курстары).
Еңбек функциялары	<p>1) Қабатаралық жабындар мен едендердің шу және дыбыс оқшаулағышын монтаждау.</p> <p>2) Ішкі қабырға мен аралықтың шу және дыбыс оқшаулағышын монтаждау.</p> <p>3) Төбе конструкцияларын шу және дыбыс оқшаулағышын монтаждау.</p>
Еңбек функциясы 1  Қабатаралық жабындар мен едендердің шу және дыбыс оқшаулағышын монтаждау.	<p style="text-align: center;"><b>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3</b></p> <p><b>Біліктері мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қабатаралық жабындардың конструкцияларын олардың белгіленуіне байланысты анықтау.</li> <li>2. Қоршау конструкцияларын шу және дыбыс оқшаулағыш тапсырмаларын орындау әдістерін таңдау, жобалау дағдылары.</li> <li>3. Қабатаралық жабындар мен едендердің беттерін тазалау және дайындау.</li> <li>4. Жиікті ленталарды монтаждау.</li> <li>5. Дыбысоқшаулағыш маталарды төсеу.</li> <li>6. Цемент-құмды қоспаның қорғаныш қабаттарын орнату.</li> <li>7. Арматуралайтын сеткаларды орнату.</li> <li>8. Таза құмды-цементті тұтастырғыны орнату.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дыбысоқшаулағыш материалдардың физико-техникалық сипаттамалары мен маркаларын.</li> <li>2. Қоршау конструкцияларының шу және дыбыс оқшаулағыш параметрлерін анықтау әдістері.</li> <li>3. Дыбысоқшаулағышты орнату үшін қолданылатын механизмдер мен құралдарды тізімін.</li> <li>4. Қабат аралық жабындар мен едендердің дыбысоқшаулағышын орнату жұмыстарының көлемін.</li> <li>5. Қабатаралық жабындардың, еденнің дыбысоқшаулағышы бойынша конструктивті-технологиялық шешімдер.</li> <li>6. Қабатаралық жабындар мен едендердің дыбысоқшаулағышын орнату жұмыстарының сапасын қадағалау.</li> <li>7. Қауіпсіздік, еңбекті қорғау техникасы ережелері.</li> </ol>
Еңбек функциясы 2	<p><b>Біліктері мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қабырғалар мен төбелерді тіктеуіштер мен қайта ұрылған баудың көмегімен белгілеу.</li> </ol>

<p>Ішкі қабырға мен аралықтың шу және дыбыс оқшаулағышын монтаждау.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>2. Қажетті ұзындықтағы бағытталған профильдерді дайындау.</li> <li>3. Бағытталған профильдерді орнату.</li> <li>4. Тіреулік профильдерді орнату.</li> <li>5. Аралықтың бірінші жағын көмкеру.</li> <li>6. Дыбысоқшаулағыш материалдарды орнату.</li> <li>7. Аралықтың екінші жағын көмкеру.</li> <li>8. Тігістерді бігеу.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дыбысоқшаулағыш материалдардың физико-техникалық сипаттамалары мен маркаларын.</li> <li>2. Қоршау конструкцияларының шу және дыбыс оқшаулағыш параметрлерін анықтау әдістері.</li> <li>3. Дыбысоқшаулағышты орнату үшін қолданылатын механизмдер мен құралдарды тізімін.</li> <li>4. Ішкі жабындар мен едендердің дыбысоқшаулағышын орнату жұмыстарының көлемін.</li> <li>5. Қауіпсіздік,еңбекті қорғау техникасы ережелері.</li> </ol>		
<p>Еңбек функциясы 3</p> <p>Төбе конструкцияларын шу және дыбыс оқшаулағышын монтаждау.</p>	<p><b>Біліктері мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Гидродеңгей, лазерлі немесе құрылыс деңгейі көмегімен қабырғаларды белгілеу.</li> <li>2. Ішке салынған заттарды төбеге бекіту.</li> <li>3. Бағытталған профильдерді орнату.</li> <li>4. Ілгішті орнату.</li> <li>5. Төбелік профильді орнату.</li> <li>6. Жүйелердің орнығуы, оның ішінде профильдердің бір бірімен бекітілуі.</li> <li>7. Дыбысоқшаулағыш материалдарды қою.</li> <li>8. Төбені көмкеру.</li> <li>9. Тігістерді бігеу.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дыбысоқшаулағыш материалдардың физико-техникалық сипаттамалары мен маркаларын.</li> <li>2. Қоршау конструкцияларының шу және дыбыс оқшаулағыш параметрлерін анықтау әдістері.</li> <li>3. Дыбысоқшаулағышты орнату үшін қолданылатын механизмдер мен құралдарды тізімін.</li> <li>4. Ішкі жабындар мен едендердің дыбысоқшаулағышын орнату жұмыстарының көлемін.</li> <li>5. Қауіпсіздік,еңбекті қорғау техникасы ережелері.</li> </ol>		
<p>Жеке құзыретіне қойылатын талаптар</p>	<p>Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық Жауапкершілік</p>		
<p>СБШ шеңберінде басқа</p>	<table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 33%;">8223</td> <td style="width: 67%;">Дыбыс сіңіргіш сыналарды дайындаушы</td> </tr> </table>	8223	Дыбыс сіңіргіш сыналарды дайындаушы
8223	Дыбыс сіңіргіш сыналарды дайындаушы		

кәсіптермен байланысы		
<b>Кәсіптік стандарттың техникалық мәліметтері</b>		
Өзірленген	«MG-Build» ЖШС	
Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы	Нұсқа 1, 2014 жыл	
Болжалды қайта қарау датасы	2017 жыл	